

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	17.07. - 21.07.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ата-аналармен	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Еңбек: көгөністерді суару. Мақсат-міндеттер: көгөністерді күтуге дағдыландыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: құмырсқалар илеуін салу үшін алаңнан ағаштар жинау. Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, өз ойындарына алдын-ала материал дайындай білу қабілетін дамыту. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: болашақ мозайка үшін алаңнан малтатастарды жинау. Мақсат-міндеттер: жұмыс істеуге деген құштарлықты қалыптастыру. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: гүлзарларға гүлдерді суару. Мақсат-міндеттер: су құйғыштан суаруды үйретуді жалғастыру; еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: аумақты қоқыстардан тазарту. Мақсат-міндеттер: тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)
	"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік	"Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны.	"Дауыста, атыңды айтам" қазақтың ұлттық ойыны.	"Біздің айналамызда не бар?"	"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық

	ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Қимылды ойын: "Арынды арқан". Мақсат-міндеттер: балаларды	Мақсат-міндеттер: балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. (танымдық іс-әрекет) "Ақ серек, көк серек" ұлттық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге баулу, күштерін дамыту. Ойын шарты: екі топ бір-бірінен алысырақ шамамен 15 қадам жерде қол ұстасып тұрады. Бірінші топтың балалары екінші топқа ақ серек-ау, ақ серек, бізден сізге кім керек? - деп айтады. Сол кезде қарама-қарсы тұрған топ	Мақсат-міндеттер: зейін, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; батылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Ойынға көз байлайтын орамал, ұзындығы бір, бір жарым метр таяқ керек. Ойынға қатынасушылардың саны шектелмейді. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын солғұрлым қызықты болады. Ойнаушылар қол ұстасып, шеңбер бойымен дөңгелене тұрады. Шеңбердің сыртына шығарып бір ойыншының көзін байлайды да қолына таяқ ұстатып, шеңбердің ішіне кіргізеді. Көзі	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: екі және үш буынды сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін айтуға үйрету. Ойын барысы. Серуенде балалар айналасында бір бөлігі бар затты (шар, гүл, доп, үй, бақ), екі бөлігін (қоршау, бұталар, гүлдер, құм, шөп), үш бөлігін (әткеншек, веранда, қайың) іздейді. Әр жауап үшін бала жетон алады, ал жеңімпаз олардың санымен анықталады. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Аз қимылды ойын: "Сен қайда	ойыны. Мақсат-міндеттер: жыл мезгілдері туралы білімдерін нақтылау және тереңдету. Ойын барысы. Тәрбиеші жыл мезгілдерін атайды және допты балаға береді. Бала осы уақытта не болатынын атайды және допты басқасына береді. Ойын осылай жалғаса береді. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Еркін ойын: "Допты қуып жет". Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, жылдамдыққа
--	--	--	--	---	--

	шапшаңдыққа, күштілікке, секіре білу қабілеттерін жетілдіру. Ойнаушылар дөңгелене шеңбер құрып тұрады. Бір ойыншы арқанның бір жақ ұшын ұстап, шеңбер ортасында отырады. Екінші ойыншы арқанның екінші ұшына таяқша байлап, шеңбер бойымен айналдырады. Ал балалар арқанды аяқтарының астынан секіре алмай ұстап қалса, сол бала ойыннан шығады да, көпшіліктің ұйғаруы бойынша, ортада өнер көрсетеді. Немесе былай да ойнауға болады: арқаннан секіре	басшысы өздеріне керекті қарсыластарының арасынан біреуінің атын атайды. Ақ серек-ау, ақ серек, сізден бізге Марат керек. Аты аталған ойыншы, бар пәрменімен жүгіріп қол ұстасып қатар тұрған қарсы топтың екі ойыншысының ұстасып тұрған қолын үзіп өте шығуға әрекет етеді. Ал қарсылыстары қолдарын мықты ұстап, үздірмеуге тырысады. Егер жүгіріп келген адам қарсыластарының қолдарын үзіп кетсе сол топтан, басшысынан басқа бір ойыншыны өзімен бірге алып	байлаулы ойыншы шеңбердің ортасына келген соң, қолындағы таяғын өзіне қарсы тұрған ойыншылардың кез келгеніне ұсынады да «дауыста, атыңды айтам» дейді. Таяқтың екінші басынан ұстаған ойыншы атын біліп қоймас үшін дауысын өзгертіп үн катады. (Шеңбер бойында тұрған ойыншылар белгілі бір бағытпен үнемі қозғалыста болады, тек ортадағы көзі байланған ойыншының таяғы бір ойыншыға тиген кезде ғана бір орында тоқтап тұрады). Көзін байлаған ойыншы таяғының	қоңырау шалдың?" Максат-міндеттер: балаларға дыбыс бағытын анықтауға үйрету, есту зейінін дамыту. Ойын барысы. Балалар шеңберде отырады. Тәрбиеші шеңбердің ортасында тұрған жүргізушіні таңдайды. Белгі берген кезде жүргізуші көзін жұмады. Содан кейін тәрбиеші балалардың біріне қоңырау беріп, қоңырау шалуды ұсынады. Жүргізуші көзін ашпай, қолымен дыбыс қай бағыттан келетінін көрсетуі керек. Егер ол дұрыс нұсқаса, тәрбиеші: «Уақыт келді», - дейді де, жүргізуші көзін	тәрбиелеу. Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де аланның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын. (дене шынықтыру)
--	--	--	--	--	---

	алмай қалған бала ойыннан шығып қалады, осылайша бір ойыншы қалғанға дейін арқанды айналдыра беруге болады, соңғы қалған бір ойыншы жеңімпаз атанады. (дене шынықтыру)	кетеді. Қол ұстасып тұрған қатарды үзіп өте алмай қалса, онда сол топта өзі қалып қояды. (дене шынықтыру) Еркін ойын: "Лақтыр да, қағып ал". Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. Ойын барысы. Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста», - деген белгісі бойынша балалар допты	кімге тигенін дәл тапса, сол ойыншымен орын ауыстырады. Таба алмаса, келесі ойыншыға ұсынады, оны да таба алмаса, үшіншіге ұсынады. Осылайша ол үш ойыншының атын атайды. Олардың атын анықтай алмаса, көзі шешіліп, сол ортада тұрған бойында көпшіліктің ұйғарымымен өнер көрсетеді. Болған соң көзі қайта байланады да ойын жалғаса береді. (дене шынықтыру) Қимылды ойын: "Доп кімге бұйырылса". Мақсат-міндеттер: зейінді, ептілікті,	ашады, ал қоңырау шалған адам қоңырауды алып, көрсетеді. Егер жүргізуші қателессе, ол тағы да болжайды, содан кейін басқа жүргізуші тағайындалады. (дене шынықтыру)	
--	--	--	---	---	--

		жоғарыға лақтырып қағып алады.Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады,соны санайды. (дене шынықтыру)	белгіге жылдам жауап беруді дамыту. Ойын барысы. Балалар ойын алаңында жүреді немесе жүгіреді. Ересек адам қолына доп алып, біреуінің атын атайды және допты жоғары лақтырады. Аты аталған бала допты ұстап алып, қайта лақтыруы керек. Допты тым жоғары емес және баланың бағытымен лақтыру. (дене шынықтыру)		
Таңертеңгі жаттығу	Сапқа тізілу; оңға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалауармен жалпы дамыту жаттығулары кешені. 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. 1.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).				

	2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 3.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану құралдарын қолдану мәдениетін жетілдіру. Қасықты дұрыс қолдануды пысықтау. Дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шайнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді , үлкендерге алғыс айтуды үйрету. Көркем сөз	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану мәдениетін жетілдіру. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркем сөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін,	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану құралдарын қолдану мәдениетін жетілдіру. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: гигиенаға икемін жетілдіру. Өзінің сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін.	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: гигиенаға икемін жетілдіру. Қолды жуу ережелерін бекіту; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі. Көркем сөз Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! (мәдени-гигиеналық дағдылар)

	Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар (Ө.Тұрманжанов) (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде, Жуын тұрған мезгілде. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	(мәдени-гигиеналық дағдылар)	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Әңгімелесу: "Демалысты қалай өткіздің?" Мақсат-міндеттер: өз тәжірибелерінен қызықты, таныс оқиғаларды бере	"Суық-ыстық" аз қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: есту қасиеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. Жүргізуші затты	"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: саналы логиканы, есте сақтауды, зейінді жетілдіру.	"Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша	"Әдепті өтініш" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларға біреуге өтінішпен жасау кезінде айтылатын, сыпайы сөздердің

	отырып, әңгіме құрастыру біліктіліктерін қалыптастыру; тәрбиешінің көмегімен сюжетті баяндау құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес әңгіме құру (экспозиция - қатысушы тұлғаларды сипаттау, оқиғаның орны мен уақыты; оқиғаның себебі, оқиғаның дамуы, шешімі).	жасырған кезде қарауға тыйым салынады. Жүргізуші залдан кетеді, балалар затты жасырады. Осыдан кейін жүргізуші кіріп, затты іздейді. Балалар оның соңынан еріп: суық ... жылы ... ыстық ... жасырылған затты табуға көмектеседі.	Педагог бірнеше заттарды (ойыншықтарды, заттық суреттерді) балалардың көз алдына белгілі тәртіпте орналастырады. Бірнеше секунд өткеннен кейін, балалар көздерін жұмып, педагог бірекі (не одан да көп) заттың орнын алмастырады. Көзін ашқан, заттарға қайта қараған балалар ненің өзгергенін айтады. Бұл ойынды бір-біріне ұқсас, бірақ бірнеше айырмашылығы бар суреттер жұбын қолдану мүмкін.	жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды.	мағынасын түсінуге көмектесу. Балаларды қабылданған әрекеттердің, оқиғалардың адамгершілік жағын көруге, олардың мәнін түсінуге үйрету.
Білім беру ұйымының кестесі	Дене шынықтырудан	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу	Математика негіздерінен ойын-	Қоршаған ортамен танысу	Құрастырудан ойын-жаттығу

бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	ойын-жаттығу "Топталып өтеміз" Мақсат-міндеттер: Балаларды қолды еденге, құрсаудың шетіне тигізбей оң және сол жақ бүйірімен топталып құрсаудың ішінен өту; допты екі қолымен заттар арасымен жүргізу (арақашықтығы 4 м); балаларда бір орында тұрып секіру; сап түзеуден үш қатармен қайта тұру; оңға, солға бұрылу дағдыларын дамытуды жалғастыру.	"Жаз туралы өлеңдер" Мақсат-міндеттер: Балалардың жаз мезгілі туралы білімдерін кеңейту; өлеңді мәнерлеп, көтеріңкі көңіл күймен оқу керектігін үйрету; ойлау, есте сақтау қабілеттерін, тілін дамыту; табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу. Музыкадан ойын-жаттығу "Айгөлек" Мақсат-міндеттер: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту.	жаттығу "Еңбек жемісі" Мақсат-міндеттер: 8-дің ішіндегі кіші сандардан құрастыру қабілетін нығайту; дағдыларды қалыптастыру заттарды алақанға салу арқылы салмақ бойынша салыстыру; заттарды салмақ бойынша, тең және тең емес екендерін табу дағдыларын дамыту; жұппен жұмыс жасау қабілетін дамыту. Сурет салудан ойын-жаттығу "Пайдалы азықтар: жемістер мен көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс тәсілдерімен	"Көгөніс егетін адам" Мақсат-міндеттер: Көгөніс өсірушілердің жұмысы туралы ойларын қалыптастыру, көгөністерді дайындау және сақтау туралы білімді бекіту және нақтылау; көгөністердің денсаулыққа пайдасы туралы білімді кеңейту; еңбек адамдарына және олардың кәсіптеріне танымдық қызығушылықты дамыту, байланыстырып сөйлеуді, ойлауды, есте сақтауды дамыту; адамдардың еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу.	"Көгөністерге арналған қорап" Мақсат-міндеттер: Ересек адамның ауызша нұсқауларын орындау қабілетін қалыптастыру; қағазбен жұмыс істеу тәсілдеріне үйрету; есте сақтау қабілетін және қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жұмыс орнын тәза ұстауды және еңбекқорлықты тәрбиелеу.
---	--	---	---	---	--

		Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.	таныстыру; заттарды (жемістер мен көгөністерді) қағаз бетінде дәстүрден тыс тәсілмен салуға қызығушылықтарын арттыру; негізгі түстерді (қызыл, сары, жасыл, тоқсары, қоңыр) қабылдау біліктіліктерін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; айналасындағыларға мейірімділік танытуға, жағымды қарым-қатынас құруға, дұрыс тамақтану әдебіне тәрбиелеу.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бақшадағы көгөніс	Бақшадағы сәбіз	Қызанақты	Қырыққабатты	Терек бүршігін

	дақылдарын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бақшада өсетін көгөністермен, сыртқы түрімен, тағамда қолданылатын артықшылықтармен, өсуге қажетті жағдайлармен таныстыру. Экологиялық міндет: пайдалы дақылдарды өсіру үшін топырақ, су және ауа тазалығының маңыздылығын көрсету. Әңгімелесу. Біз қай жерде шалғам, картоп, бұршақ және сәбіз өсіреміз? Оны	бен қызылшаны бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: көгөністерге салыстырмалы талдау жүргізуге үйрету; көгөністердің сипаттамалық ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту, олардың өсуіне қажетті жағдайларды атау. Бақылаудың барысы. Педагог балаларға сұрақтар қояды. - Бақшада қандай көгөністер өскен? (Қызылша, сәбіз.) - Көктеммен салыстырғанда өсімдіктерге не болды? (Шыңдар	бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: балабақша бақшасындағы балаларды өсімдіктермен таныстыруды жалғастыру; сыртқы түрі бойынша оларды ажырата білуге үйрету; табиғатты сүйуге, байқампаздыққа тәрбиелеу. Көркем сөз. Жұмбақ. Аласа тал, Тамаша тал. Самсап тұр алмасы, Ол алқызыл, Ол қанқызыл, Боялғанша, алмашы! (Қызанақ)	бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бақшада өсіп жатқан көгөністер туралы түсініктерін анықтау және кеңейту, сыртқы келбетіне қарап тануға және оларды атауға үйрету. Көркем сөз Бақшаларда тізіліп, Қаперсіз мен жатамын. Қабат - қабат киініп, Қырыққабат атандым. Жаз бойы біз қырыққабатымызды қарадық, суардық, арамшөптермен күрестік, күн сәулесі бізге жылу берді.	бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: табиғаттың ең жақсы құбылыстарын бақылаудың бірі – терек бүршігінің пайда болуы. Терек бүршігінің пайда болуы жаздың басталуын білдіреді. Ағаш тұқымы – терек деген пікірді қалыптастыру; толықсыған кезде желмен, сумен шайылады, жануарлардың терілеріне жабысып басқа жерде өскендіктен бүршік – тұқым деген білімді жетілдіру. Терек бүршігі пайда болған
--	--	--	---	---	--

бір сөзбен қалай атауға болады? Көгөністер не үшін өсіріледі? Олар қай жерде өсіріледі? Көгөністердің жақсы өсуі үшін не қажет? Көгөністер адамға қандай пайда әкеледі? Көркем сөз Қыста, жазда, күзде де, Тұрады жасыл түске еніп. Шипасы мол шыршаның, Тыңайтар бізге күш беріп. Өрікпін мен, өрікпін, Бау-бақшаға көрікпін. Пісіп тұрған шағымда Алар екен теріп кім? Мақал-мәтелдер - Не ексең, соны орасың.	жерде, түйнектер жерде өскен.) - Өсімдіктердің өсуіне не көмектесті? (Күн, ылғал, адамның кетуі.) - Сәбізге тән қандай қасиеттер бар? (Сәбіз - бұл төбесі жасыл түсті, ұзындығы сарғыш түсті көгөніс.) - Қызылшаның өзіне тән белгілері қандай? (Қызылша - дөңгелек пішінді, қызыл түске боялған және төбесі жасыл түсті көгөніс.) - Мына көгөністерден не дайындауға болады? (Салаттар, борщ.) - Қызылша мен сәбіздің пайдасы қандай? (Оларда көптеген дәрумендер бар.) Зерттеу қызметі.	Томат пен қызанақ дегеніміз не? Және олардың бір-бірінен айырмашылығы неде? (Бұл бірдей). 2. Қызанақ көгөніс пе, жеміс пе? (көгөніс). 3. Қызанақтың басқа көгөністерден айырмашылығы неде? (пішіні, түсі, дәмі). 4. Томатты қандай тағамдарға қосамыз? (борщ, салат) 5. Қызанақты дәмді әрі шырынды етіп өсіру үшін оны дұрыс күтуді кім біледі? (арамшөптерден тазарту керек, арамшөптерді алып тастау керек). "Өсімдікті ата ..." дидактикалық ойыны.	Біздің күш-жігеріміз бен қамқорлығымыздың арқасында қырыққабатымыз керемет дүниеге келді. - Балалар, жақындап, қырыққабатты мұқият тексеріп көріңдер. - қырыққабатты сипатта, ол үшін жоспар қолданамыз: қырыққабаттың басы қандай түсті, қандай мөлшерде, қандай пішінде. (Бірінші нұсқа: өздеріне ұнайтын қырыққабатты таңдайды, суреттейді). Екінші нұсқа: (егер қырыққабат бақта піспеген болса), балаларды кіші топтарға бөліп,	кездегі өзін далада қалай ұстаудың ережелерімен таныстыру. Мақал-мәтел Бір тал кессең, он тал ек. Жаңылтпаш Кеспе өссін тал, Өссе өсімтал, Өссе өссін тал. Кеспе, өссін тал. Еңбек: алаңды терек бүршігінен тазарту. Мақсат-міндеттер: балаларды алаңда тазалықты және тәртіпті сақтауға, қоғам мүддесіне жұмыс істеуге үйрету. "Қуып жет" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды
---	---	---	---	--

	- Қыстың қамын жазда ойла. Ырым Егер көгөністердің қабығы жұқа болса – қыс жылы, қалың және қатты болса – аязды болады. "Бағбаншылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: шапшаңдыққа, жылдамдыққа, зейінділікке, достыққа тәрбиелеу. Жүгіріп жарыса отырып (топтарға бөліну), тапсырманы орындау (көгөніс дақылдарын жинау). Тапсырманы дұрыс және бірінші болып орындағандар жеңімпаз атанады, ойынның аяқталуы бойынша әр топтағы	Сәбіз бен қызылшаның тұқымын анықтаңыз (түсі, мөлшері). Топқа отырғызу үшін қызылша мен сәбізді қазып алыңыз. Еңбек: бақшада егін жинау. Мақсат-міндеттер: көгөністерді қазуды үйрету; топта жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша ойнауға, зерек, шапшаң болып, қимылдарды үйлестіріп, жылдамы жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге	Мақсат-міндеттер: балаларда фонематикалық естуді, жылдам ойлауды дамыту. Педагог балаларға: "Атауларында «А», «К» дыбысы бар өсімдіктерді ата", - деп тапсырма береді. Еңбек: балабақша бақшасындағы арамшөптерді тазарту. Мақсат-міндеттер: орындалған жұмыстан қуанышты көңіл-күй қалыптастыруға үйрету; экологиялық мәдениетті тәрбиелеу. "Тауық қорасындағы түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:	қырыққабатты тарату . - Қырыққабат жапырағының дәмін татыңыз, оның дәмі қандай? - шырынды, дәмді. - Неліктен балалар, арамшөптер қырыққабатқа жақындамайды деп ойлайсың? балалардың пікірі - Дұрыс балалар, тығыз, ірі қырыққабат жапырақтары топырақты күннен жауып тұрады, арамшөптерде жарық жеткіліксіз, сондықтан олар аз белсенді өседі. Жұмбақ Бұл не деген көп киім, Жетпіс қабат көк киім.	жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Балалар екі топқа бөлініп, бір - бірінің қолдарынан ұстап, «Айгөлек» әуенін айта келе: Айгөлек - ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Осы топтың ішінен, Анар атты қыз (Асан атты ұл) керек - деп шақырады. Анар күш жинай жүгіре барып, қолдарын үзіп өту керек. Қолдарын үзе алмаса, сол топта қалады. Үзіп қашып кетсе, екі топтың қай біреуі, қуып жетіп ұстау керек. Өзінің тобының балалары
--	--	--	---	--	---

балалар құрамын санау. Еңбек: бақшадағы өнімді жинау. Сәбіз бен қызанақты ұқыпты қазып алу, қазылған көгөністерді жәшіктер мен себеттерге салу, сабақтарын бір жерге үю. Балаларды тату жұмыс жасай білуге, бір-біріне кедергі келтірмеуге, ортақ істі бірлесіп аяқтауға дағдыландыру. "Көгөністерге қажетті сөздерді тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: Көгөністерге қатысты қажетті сөздерді таңда: байланыстыра сөйлей білу, логикалық ойлау қабілеттерін	дағдыландыру; достыққа тәрбиелеу. Санамақ бойынша ойынды бастайтын екі бала таңдалынады: бірі қуғыншы, екіншісі қашады. Балалар тобының жартысы шеңберге тұрады. Қалған балалардың әрқайсысы шеңберде тұрған баланың бірінің артына тұрып, жұпты құрайды. Қуғыншы мен қашушы шеңбер сыртында, бір-бірінен алшақ тұрады. Белгі бойынша балалар шеңбер сыртында, сол шеңбер бойымен бірін-бірі қуалайды. Қашып жүрген бала (қалауы бойынша немесе шаршаған кезде) өзі қалаған	жалтарып жылдам жүгіре білуге, қимылдарды үлестіруге дағдыландыру; күш-жігерді шапшаңдықты, шыдамдылықты дамыту. Алаңның бір жағында "тауық қора" орналасады. Ол үшін орны сызылады. Бұл жерге тауық, балапандарды сомдайтын балалар жиналады. Алаңның қарама-қарсы жағында "түлкінің іні" орны сызылып, түлкіні сомдайтын бала санамақпен тандалады. "Тауықтар, жем шаштым!" - деп жүргізуші (педагог) ойыншыларды алаңға	Жаңбыр одан өтпейді, Қабат-қабат тоны бар, Түймелеуге жетпейді. (Қырыққабат) "Тұтам немесе тамырша" дидактикалық ойыны. Жеуге жарамды өсімдік бөлігін атауға үйрету (мысалы, сәбіз – жеуге жарамды тамырша және т.б.) Тапсырма. Қызанақтың, қиярдың жапырақтарын санау. Қорытынды. Жапырақтар саны әртүрлі болуы мүмкін. "Тығылмақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене	ұстап алса өз тобына қайтадан келеді. Олай болса, бұл баланың яғни шапшаңдығын, күштілігін аңғарамыз. "Қайсысы жеңіл?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: қоршаған орта жайлы білімді жетілдіру, сұрақтарға жауап беру, қайсысы жеңіл: капуста немесе қияр? т.б. "Ақсақ үйрек" украин ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың секіре білу қабілеттерін, күш-шігерін, шыдамдылығын дамыту.
---	---	--	--	--

	дамыту. "Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту. Еркін ойындар.	жұптың алдына тұрып алады. Сол кезде үшінші артық болып қалған бала әрмен қарай қашуды жалғастырады. Егер қуғыншы қашып жүрген баланы қолмен тигізіп, түртіп үлгерсе, қуғыншы кері бағытта қаша бастайды, оны ұсталған бала қуалайды. "Көгөністерді ата" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: көгөністердің аттарын бекіту және допты ұстау. Жеке жұмыс Жүгіру техникасын жетілдіру (жеңілдік, жылдамдық, тізе бұғу).	шақырады. "Тауықтар мен балапандар серуенге шығады, жүреді, ұшады, жем шоқиды". "Түлкі!" деген белгі естілген кезде, "түлкі інінен шығып, тауықтарға шабады, ұстап алуға ұмтылады". "Тауық пен балапандар қораға қаша жөнеледі". "Ұсталынды" деген - баланы қолмен түртіп қалу. Балалар "қора" сызығынан асып кетсе, "түлкі" ұстай алмайды. Ойын "түлкінің іні толғанша" қайталанады. Басқа "түлкіні" ойнату үшін, санамақты қайта қолдану керек	шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады. Тәрбиеші 10 - ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады. Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек. Бірінші болып табылған бала, іздесуге көмектеседі. Осылай ойын жалғасын таба береді. "Таяқ тастау"	Алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру, мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: "Күн шықты, ойын басталды"; ойын шарттарын сақтау (екі аяғын қатар жерге қоймау керек). "Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре (секіре) білу қабілетін жетілдіру. Еркін ойындар.
--	--	---	--	--	--

		Мақсат-міндеттер: қимылдарды үйлестіруді дамыту. Еркін ойындар.	болады. Жеке жұмыс: қозғалыстарды дамыту. Мақсат-міндеттер: жылдамдықпен күшті біріктіре отырып, секіру қабілетін дамыту. Еркін ойындар.	(башқұрт ойыны) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Бастапқы қалыпты сақтай отырып, таяқ лақтыру шеберлігін бекіту. Еңбек: көгөніс жинау. Мақсат-міндеттер: көгөніс жинауда белсенді ат салысу, үлкендерге көмек беруге тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық	Гигиеналық	Гигиеналық	Гигиеналық	Гигиеналық

	дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану құралдарын қолдану мәдениетін жетілдіру. Қасықты дұрыс қолдануды пысықтау. Дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді , үлкендерге алғыс айтуды үйрету. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Нан қоқымын	дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану мәдениетін жетілдіру. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркем сөз Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға.	дағдылар Мақсат-міндеттер: тамақтану құралдарын қолдану мәдениетін жетілдіру. Балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениеті бойынша баламен жеке жұмыс; этикет ережесі. Көркем сөз Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз-кешке де, Жуын күндіз-түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар кезінде,	дағдылар Мақсат-міндеттер: гигиенаға икемін жетілдіру. Өзінің сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	дағдылар Мақсат-міндеттер: гигиенаға икемін жетілдіру. Қолды жуу ережелерін бекіту; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі. Көркем сөз Су ағызып шүмектен, Беті қолды жуамын. Мойын, мұрын, құлақты, Тазалатып тұрамын! (мәдени- гигиеналық дағдылар)
--	---	---	---	---	--

	шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастандар (Ө.Тұрманжанов) (мәдени- гигиеналық дағдылар)	(мәдени- гигиеналық дағдылар)	Жуын тұрған мезгілде. (мәдени- гигиеналық дағдылар)		
Күндізгі ұйқы	Балалардың ұйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Жұмбақтар шешу" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: белсенді сөздік қорындағы зат есімдер қорын	"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жүгірістен ұзындыққа секіруге, қолдың өткір	"Өсімдікті керекті дыбыспен ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда фонематикалық	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту,	"Болады-болмайды" (доппен) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: есте сақтауды, ойлауды, зейінді

	кеңейту. Ойын барысы. Балалар орындықта отыр. Тәрбиеші жәндіктер туралы жұмбақтар жасырады. Жұмбақтың жауабын тапқан баланың өзі жұмбақ жасырады. Жұмбақты тапқаны және болжағаны үшін ол бір жетон алады. Жетон көп болған жеңіске жетеді. Балалар өздерінің жұмбағын ойлап таба алады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) "Кім мерген?" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды құмды дорбаларды басынан артқа тік нысанаға	толқынымен, теңгерімді сақтай отырып, серпілген аяғымен серпілдіріп жаттығу. Ептілікке, батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Алаңның ортасында бір-бірінен 70-100 см қашықтықта екі сызық жасалады, бұл арық. Алаңның бір жағында ешкілер үйі орналасқан. Ойыншылардың барлығы ешкі - біреуі қасқыр. Ешкі үйде, қасқыр шұңқырда. Тәрбиешінің «ешкі, шалғынға» деген белгісі бойынша ешкілер сайдың қарама-қарсы жағына, арықтан секіріп жүгіреді (қасқыр ешкілерге тимейді), «ешкілер,	естуді, шапшаң ойлауды дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші айтады: атауы «А», «К», ... дыбыстарынан басталатын өсімдіктер туралы ойла». Кім көбірек қоңырау шалса, сол жеңеді. (қарым-қатынас іс-әрекеті) "Ақ сүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. (дене шынықтыру) "От- су" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер:	мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Ойын барысы. Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала) т.б. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық	дамыту. Тәрбиеші бір сөйлем айтып, балаларға доп лақтырады, балалар допты қағып алып, сөйлемді аяқтау керек. Жазда қырау ... (болмайды). Қыста қар жауады ... (болады). Жазда аяз ... (болмайды). Жазда тамшылар ... (болмайды). (қарым-қатынас іс-әрекет, дене шынықтыру) "Дөңгелекті лақтыру" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды белгіленген бағытты көздей білуге, ептілікке, шапшаңдыққа
--	---	---	--	---	---

	тигізуге тырысып, лақтыруға үйрету. Көз, қол моторикасын дамыту. Жабдық: нысанаға лақтыруға арналған сөмкелер. Барысы. Балалар 4-5 буынға бөлінеді. Бөлменің бір жағына сызық салынып, одан 3 метр қашықтықта 4-5 бірдей нысана қойылады. Балалар, әр сілтемеден біреуі, сызыққа шығып, нысанаға тигізуге тырысып дорбаны лақтырады. Соңында әр сілтемедегі ұпай саны есептеледі. (дене шынықтыру)	үйге қайт» деген белгі бойынша олар арықтан секіріп үйге жүгіреді. Қасқыр арықтан шықпай ешкілерді қолымен ұстап ұстап алады. Ұсталғандар арықтың соңына қарай шегінді. 2-3 жүгіруден кейін барлық ұсталғандар үйге қайтарылады. Ұсталмағандардың арасынан тағы бір қасқыр тағайындалады. Ереже: шұңқырдан секіру. (дене шынықтыру) "Орманшы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: кейбір ағаштар мен бұталардың, олардың құрамдас	жүргізушінің есептеуді таңдау талабын нығайту; белгі бойыша әрекет етуге үйрету. «От» бәрі отыра бастайды, «Су» айналым бойынша бір жаққа ағады. Ойында жолдастарының және өзінің ойын нәтижесін дұрыс бағалауға үйрету. (дене шынықтыру)	іс-әрекет) Еркін ойын: "Дауысынан таны". Мақсат-міндеттер: балалардың есту, зейін қабілеттерін жетілдіру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Шеңберде тұрған ойыншылардың бәрі ортаға шығып көзін байлайды да, ойын басқарушы болады. Ал қалғаны: "Секір, секір!" - деген кім? Білгіш болсаң - таба ғой. Тауып ал да, өзің кеп, Сол орынды ала ғой" - деген өлеңді айтып, шеңберді айнала жүгіреді. "Секір, секір" деген сөзді педагог	үйрету. Ойын барысы. Ойын дөңгелектерді көздеп лақтырудан тұрады, дөңгелектің диаметрі 15-20см. Ал таяқшаның ұзындығы 30-40см. Балалар қатарға тұрып 1,5-2метр ара қашықтықта дөңгелектерді таяқшаға дәлдеп лақтырып кіргізу керек. Балалар ойынды бірінен кейін бірі жалғастырып ойнай береді. (дене шынықтыру)
--	--	---	---	---	--

		бөліктерінің (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы еске түсіру және бекіту. Ойын барысы. Бір «орманшы» таңдалады, қалған балалар оның көмекшілері. Олар оған жаңа екпелер үшін тұқым жинауға көмектесуге келді. «Орманшы» айтады: «Менің орманымда өсіп жатқан көптеген ... (қайың, үйеңкі, терек), тұқым алып берейік». Ол ағашты атамай-ақ сипаттай алады. Балалар тұқымдарды іздейді, оларды жинайды және «орманшыға» көрсетеді. Көбірек тұқым жинап,		белгілеген бала айтады. Балалар осыны айтып болған соң, ойын бастаушы көзін ашады да, «секір» деп айтқан баланы табуға тырысады. Тапса, айтқан бала ортаға шығады да, ойын басқарушы болады. Ойын осы ретпен жүргізіле береді. (дене шынықтыру)	
--	--	--	--	--	--

		жаңылыспаған жеңімпаз болады. (			
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы: "Дәрумендер". Сәбізді алып, тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа қысып, сол қолдың алақанына ысқылаңыз), Үккіште ысқылаңыз (екі қолыңызды жұдырыққа қысып, кеудеге басып, жоғары және төмен жылжытыңыз), Қант себеміз (қантпен саусақ ұшымен себіңіз), Міне, құнарлы тамақ дайындалды (екі қолын алдына көрсетеді). Витаминдерге бай (ішті алақанымен сипап, олардың	"Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Әңгіме: "Бақтағы витаминдер". Мақсат-міндеттер: көгөністердің пайдасы туралы тұжырымдамаларды жасауға машықтандыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Саусақ ойыны: "Саусақ бала". Мақсат-міндеттер: саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті) "Көгөністер" иллюстрацияларын қарау. (қарым-қатынас іс-	Жеке жұмыс, жапсыру: "Көгөністер". Мақсат-міндеттер: композицияны қалай құра білу, қағаздың артқы жағына желімді дұрыс жаға білу техникаларын жетілдіру. (шығармашылық іс-әрекет)	Бақтағы өсімдіктерді бақылау. Мақсат-міндеттер: бұтаның құрылымына тән ерекшеліктерді бекіту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)

	тойғанын көрсетеді). (қарым-қатынас іс-әрекеті)		әрекеті)		
Серуенге дайындық	Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған.				
Серуен	Түскі бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)				

	әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Сауалнама: "Балаңыз қандай жемістер мен көгөністерді қалайды?".	Ата-анаға кеңес: "Жеміс-көгөністердің денсаулыққа пайдалы ықпалы".	Фото көрме: "Биылғы біз өсірген көгөністер".	Ата-анаға кеңес: "Жемістер мен көгөністерді қалай жуу керек?".	Хабарлама бұрышына: "Компотты жасаудың ең үздік рецептілері".